

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобино ауылдық округінің
Налобино ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобино ауылдық округ әкімінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қаңтарда № 5983 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы қорытындысы негізінде және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобино ауылы халқының пікірін ескере отырып, Налобино ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобино ауылдық округінің Налобино ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- № 1 көшеге - Абылай хан көшесі;
- № 2 көшеге - Астана көшесі;
- № 3 көшеге - Құлсары батыр көшесі;
- № 4 көшеге - Республика көшесі;
- № 5 көшеге - Сәбит Мұқанов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Налобино ауылдық
округінің әкімі*

Л.Малкова

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Налобино ауылдық округінің әкімі 2020 жылғы
17 қаңтары № 3 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Налобино ауылдық округінің
Налобино ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы схемалық
карта**



Налобино ауылдық округінің әкімі Л.Малкова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК